ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 06 желтоқсан №2301-23-00-2/2449 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева,
сот отырысының хатшысы Р.М.Исембаева болып,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Білім беру Басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Ахмет байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі,

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «МАРЖАН» – Маржан Құдайбергенқызы Мұқанбет,

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы,
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі Г.Р. Тасимова,
жауапкер өкілі М.Қ. Мұқанбет,

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2023 жылғы 27 тамызда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №224 келісім-шартқа (бұдан әрі – шарт) қол қойған, ол бойынша пластик есіктің тұтқасы түріндегі тауар келісім шарт күшіне енген күннен бастап 15 жұмыс күн ішінде жеткізілуге тиісті. Алайда, шартта көзделген мерзімде, 2023 жылғы 18 қыркүйекке дейін жауапкер тауарды жеткізбеген.

Талап қоюшы сотқа жолдаған өз талабын жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (бұдан әрі – шарт) бойынша өз міндеттемелерін орындамауымен негіздеген.

Талап қоюшы өкілі талап қоюды қуаттап, тауар әлі күнге дейін жеткізілмегенін, жауапкердің тауарды уақытылы жеткізбеуі жағымсыз салдар екенін түсіндіріп, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі жолдасының денсаулығына байланысты тауарды жеткізе алмағанын түсіндіріп, соттан әділ шешім қабылдауды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (бұдан әрі– Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың <u>тізілімі</u> өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Сот отырысында анықталғандай, жауапкер тауарды 18.09.2023 жылға дейін жеткізуге тиіс болған, алайда, жауапкер тауарды көрсетілген мерзімге дейін жеткізбеген.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен 2023 жылғы 10 қазанда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

№2 талап қою бойынша

Тапсырыс берушінің мердігерден тұрақсыздық айыбын өндіру құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 292-293, 298-баптарына сәйкес келеді.

Шарттың 7.3-тармақшасында, жұмыстардың орындау мерзімі өткен жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігер міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда Мердігерден мерзімі өткен әрбіп күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады) немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстап қалады (өндіріп алады).

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 13.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2024, судья Султангалиева А. Е., 15.01.2024

Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімақының) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасынан 10% артық болмауы тиіс.

Талап қоюшы айыппұл мөлшерін 2023 жылғы 19 қыркүйек пен 2023 жылғы 10 қазан аралығындағы күндер үшін 635 теңге деп есептеген.

Сот, бұл есепті дұрыс деп санайды. Мұндай жағдайда, сот, №2 талап қою қанағаттандырылуға, жауапкерден мемлекет кірісіне 635 теңге тұрақсыздық айыбы өндірілуге жатады деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге және 19 теңге, барлығы 1744 мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Білім беру Басқармасының Махамбет ауданы білім бөлімінің «Ахмет байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «МАРЖАН – Маржан Құдайбергенқызы Мұқанбетті» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қою арызы – қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МАРЖАН» – Маржан Құдайбергенқызы Мұқанбет мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «МАРЖАН» – Маржан Құдайбергенқызы Мұқанбеттен мемлекет кірісіне 635 (алты жүз отыз бес) теңге тұрақсыздық айыбы, 1744 (бір мың жеті жүз қырық төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Анықтама: Сот шешімі «15» қаңтар 2024 жылы заңды күшіне енді.
Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 13.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 15.01.2024, судья Султангалиева А. Е., 15.01.2024
2301-23-3-1/2835

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 13.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 15.01.2024, судья Султангалиева А. Е., 15.01.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»